

Еуразия гуманитарлық институты

АКАДЕМИЯЛЫҚ АДАЛДЫҚ КОДЕКСІ

АСТАНА

1. Жалпы ережелер

1. Еуразия гуманитарлық институтында білім алушылардың, ПОҚ-тың және қызметкерлердің академиялық адалдықты сақтау кодексі (ары қарай – Кодекс) ЕАГИ Даму стратегиясына, ЕАГИ Қаулысына сәйкес әзірленген, білім беру үдерісінде академиялық адалдық принциптерін, институттық қоғамдастық мүшелерінің құқықтары мен міндеттерін орнатады, академиялық адалдықты бұзу түрлерін және оларды жіберу жағдайында қолданылатын шаралардың тәртібін анықтайды.

2. Осы Кодекстің мақсаты – институт білім алушыларында, ПОҚ және қызметкерлерінде білім беру үдерісінде академиялық адалдықты жүзеге асыру принциптері туралы түсінік қалыптастыру. Академиялық адалдық ЕАГИ білім беру үдерісінде негізгі құндылықтардың бірі болып табылады.

3. Кодексте келесі түсініктер қолданылады:

1) академиялық адалдық – оқытуды және бағалауда жеке адалдықты дамытатын құндылықтар мен принциптердің жиынтығы. Бұл жазбаша бақылау жұмыстарын, емтихандарды, эссе, зерттеулер мен презентацияларды орындаған кезде де лайықты қылық болып саналады;

2) бағаланатын жұмыс:

– оқудың белгілі бір кезеңінде оның оқу жетістіктерін анықтау үшін ағымдық бағалауды өткізу кезінде білім алушының орындайтын жұмысы немесе тапсырмасы (ауызша сұрау, жазбаша жұмыс, эссе, лабораторлық жұмыс, практикалық жұмыс, практикалық жұмыс, өздік жұмыс, зерттеу жұмысы, жоба және т.б.);

– оқу семестрі бойынша білім алушы жетістігінің деңгейін анықтау үшін қорытынды бағалауды өткізу кезінде білім алушының орындайтын жұмысы (бақылау жұмыстары, жазбаша жұмыстар, тестілер, сынақтар, зерттеу жұмысы, жоба, дипломдық жұмыс және т.б.);

4. ЕАГИ әкімшілігі, эдвайзерлері, кураторлары білім алушыларды осы Кодекспен таныстыруға міндетті.

5. осы Кодекс институт қоғамдастығының барлық мүшелері – ЕАГИ әкімшілігі, ПОҚ-ы, қызметкерлері, білім алушылары, олардың заңды өкілдері орындау үшін міндетті.

2. Академиялық адалдық принциптері

Білім беру үдерісінде академиялық адалдықтың негізгі принциптері:

– *адалдық* – білім алушылардың бағаланатын және бағаланбайтын жұмыстарды адал және мұқият орындауы. Адалдықты еңбекқорлық пен әдептілік құрайды;

– *автордың және оның заңды мұрагерінің құқықтарын қорғауды жүзеге асыру* – бағаланатын жұмыстарда ақпарат көздерін көрсету және бөгде сөзді, ойды дұрыс жеткізу арқылы авторлық құқық объектісі болып табылатын авторлықты мойындау және туындыны қорғау;

– *ашықтық* – студенттердің, оқытушылардың және оларға теңестірілген тұлғалардың арасындағы ашықтық, өзара сенім, ақпарат пен идеялардың ашық алмасуы;

– *білім алушылардың құқықтары мен еркіндіктерін сыйлау* – білім алушылардың өз пікірлері мен ойларын еркін айту құқығы;

– *теңдік* – осы Кодексті ұстану бойынша әрбір білім алушының міндеті және оларды бұзуда тең жауапкершілігі болып табылады.

3. Студенттік қоғамдастық мүшелерінің құқықтары мен міндеттері

1. Студенттер:

– осы Кодекстің мәтінімен танысуға;

– оқу үдерісінде өз пікірін еркін айтуға;

- осы Кодексті бұзуда айғақсыз айыптаудан қорғануға және дәлелдерді көрсетуге құқылы.

4. Білім беру үдерісі қатысушыларының міндеттері

Студенттердің міндеттері:

Академиялық адалдық принциптерін сақтау үшін білім алушылар:

- бөгде зияткерлік меншікті пайдалану жөніндегі негізгі принциптерді құрметтеуге және сақтауға;
- этикалық стандарттарды қабылдау және қатаң түрде оларды ұстану. Ауызша және жазбаша формасындағы кез-келген жұмыс түрінде, ағымдық және қорытынды бағалауда барлық принциптерді ұстануға;
- ұсынылатын жұмыстың білім беру жобасы қатысушысының жеке жұмысы болып табылатындығын ұмытпауға;
- бөгде туындылардан үзінділерді пайдаланған кезде бөгде сөзді берудің тәсілі – дәйексөз алуды пайдалануға;
- зерттеу жұмысын, эссе, жазбаша өтініштерді жазуда автор мен туынды, белгілі бір пікірлердің қайдан алынғандығы көрсетілетін сілтемелерді пайдалануға; жұмыстың соңында міндетті түрде барлық ақпараттық ресурстар көрсетілген библиография болуы тиіс. Сонымен бірге ақпараттық дереккөздер бар қосымшаны құруға мүмкіндік бар;
- жеке мақсатта орындалған жұмыстарды, жеке материалдарды топтас студенттерге ұсынбауға;
- академиялық әділетсіздік бойынша жауапкершілікті білу және осы саясат аясында студентке ықпалшаралар қолданылатынын білу керек;

Институт оқытушыларының, қызметкерлерінің міндеттері:

- өз жұмысының практикасына академиялық адалдық принциптерін енгізуге ықпал ету;
- академиялық әділетсіздік жағдайларын ескерту;
- әдеп және студенттердің үнемі дамуына негізделген зияткерлік және өнегелі оқу үшін жағдай жасау;
- Қазақстан Республикасының аумағында және әлемдік қоғамдастықта әрекет ететін авторлық құқықты сақтау туралы нормативтік құжаттарды меңгеру;
- ата-аналар қоғамы арасында академиялық адалдық саясатын түсіндіру бойынша ақпараттық жұмысты жүргізу;
- сабақ, кездесулер өткізген кезде басқа біреудің сөзі мен ойын құрастыру тәсілдеріне көңіл бөлу керек;
- академиялық әділетсіздік жағдайының әрбір көрінісін қатаң түрде тіркеуге; деканатты осындай жағдайлар туралы хабардар етуге; қажет болған жағдайда ЖОО әкімшілігіне көмекке жүгінуге міндетті.

5. Институт әкімшілігі: білім алушыларға осы Кодексті түсіндіру бойынша институттың ПОҚ-ы мен қызметкерлерін жұмыспен қамтамасыз етуге;

- білім алушылар Кодексті бұзу жағдайында осы Кодексте қарастырылған шараларды қолдану бойынша жұмысты үйлестіруге;
- білім алушылардың академиялық адалдықты жүзеге асыруларын бақылау және мониторинг жүргізуге міндетті.

6. Бұзушылық түрлері

Институттың студенттері, оқытушылары мен қызметкерлері академиялық адалдықтың бұзылу түрлері осы Кодекс келесі түрлерін қарастырады:

1) плагиат:

- авторлықты растауды ұсынусыз немесе дереккөзді көрсетпестен басқа көздерден материалдарды толық немесе ішінара иелену;

Плагиат әртүрлі формаларда көрінуі мүмкін:

- тиісті пунктуация белгілерін (тырнақшалар) және / немесе дереккөзді көрсетпей дереккөзді белгілеу;
- дереккөзді көрсетпей, дереккөзді қайта топтастыру;
- авторға сілтеме жасамай, басқа біреудің идеяларын немесе дәлелдерін қолдану;
- басқа студент толық немесе ішінара жазған жазбаша жұмысты ұсыну;
- интернеттен алынған курстық/дипломдық жұмысты ұсыну;
- басқа курсқа арналған тапсырма ретінде орындалған курстық жұмысты ұсыну.

2) *сыбайлас:*

- басқа студент үшін бағаланатын кез келген жұмыстарды орындау;

3) *алдау:*

- басқа студенттерден бағаланатын жұмыстарды көшіріп жазу;
- бағаланған жұмысты тапсыру, қайта тапсыру;
- бағаланған жұмыстарды орындамаған, уақытында орындамаған жағдайда жалған сылтау айту;
- топтық жұмыс қарастырылмағанда бағаланатын жұмыстарды екі немесе одан да көп студенттермен орындау;
- басқа студенттерге саналы көмек көрсету: бағаланған жұмысты оған көшіріп алуға рұқсат беру, сыбырлап айту, оқулықтарды, шпаргалкаларды және т.б. пайдалану;
- басқа біреудің жұмыстарын иемдену.

4) *бағаланатын жұмыстың мәліметтерін, бағаларын бұрмалау:*

- тапсырма жауаптарының бағалау нәтижелерін, бағаларды бұрмалау;
- деректерді бұрмалау (толықтырып жазу, кіргізіп жазу, түзету), яғни зерттеу жүргізген кезде сауалнаманы бақылаудың, басқада әдістердің нәтижелерін бұрмалау;
- бақылаудың жазбаша жұмыстарын асыра бағалау;
- басқа студенттің бағаланатын жұмысын қасақана бұрмалау немесе бүлдіру;

5) *бағаланған жұмыстардың жауаптарын әділетсіз жолмен алу:*

- бағаланатын жұмысты орындау кезінде жауаптарды беру;
- басқа студент немесе педагог қызметкердің көмегімен бағалау жұмыстарын жүргізуге дейін жартылай немесе толық материалды алу (жауаптары бар тест тапсырмалары, емтихан билеттері және тапсырмалары, жазбаша емтиханға арналған тапсырмалар);
- бағаланатын жұмыстарды меншікті етіп сатып алу немесе алудың басқа жолдары (курстық, дипломдық жұмыстар, және т.б.);
- дайын бағаланатын жұмыстарды сату немесе оларды сату және/немесе сатып алу жолдарына көмек беру (курстық, дипломдық жұмыстар, және т.б.);

б) *ақпаратты немесе құралдарды заңсыз қолдану:*

- бағаланатын бақылау жұмыстарын, тестілеуді орындаған кезде электронды, санды, қағаз нұсқаларын, техникалық құралдарда ақпаратты пайдалану;
- бағаланатын жұмыстардың кез-келген жауаптарын түрлі жолмен алу, соның ішінде электрондық пошта, компьютер және т.б. арқылы жүктеу;
- қағаз және электрондық тасымалдаушылардағы бағаланатын жұмыстарға қатысты педагогикалық қызметкердің материалдарын компьютерден көшіру немесе кабинеттен алу;

7. Жауапкершілік пен жаза

- білім беру үдерісіне қатысушылар, академиялық адалдық принциптерін бұзғаны үшін моральдық жауапкершілікті сезінуі керек;
- плагиат, курстық, дипломдық жұмыстарды сату және сатып алу ережелерін қарапайым бұзудан тыс болып саналады және қоғамға қатысты қатаң бұзушылық ретінде қарастырылады және басқа адамдардың материалдарын пайдаланғаны үшін жазаланады;
- оқытушылар құқық бұзушылық туралы әрбір оқиғаны тіркейді, алайда студенттің ағымдағы немесе соңғы жұмысы бағалау рәсіміне жол берілмейді. Студент одан кейін шығарылғанға дейін сөгіс береді;
- оқытушылар студенттердің жұмыстары плагиатқа тексерілетіндігі туралы хабарлау кепілдігін береді.

Академиялық адалдықты бұзу түрлерінің нақты тізімі толық емес және қажет болған жағдайда толықтырылуы мүмкін.

8. Кодексті бұзған жағдайда шаралар қолдану тәртібі:

1. Академиялық адалдықтың бұзулуы анықталуы мүмкін:
 - ағымдағы бағалауды өткізу кезінде;
 - қорытынды бағалауды өткізу кезінде.
2. Студенттердің оқу жетістіктерін ағымдағы бағалауды өткізген кезінде плагиат, сыбайластық анықталған жағдайда:
 - оқытушы осы Кодекстің қосымшасына сәйкес нысан бойынша ережелер бұзылған туралы актісін дайындайды, студентпен сұхбат жүргізеді.
 - Кодексті бұзғаны туралы, тиісті дәлелдемелері бар Акт және студенттің жұмыстарының көшірмелері деканға беріледі;
 - оқытушы осы Кодекстің қосымшасындағы формаға сәйкес тәртіп бұзушылық туралы акт жасайды, білім алушылармен әңгімелеседі. Кодексті бұзғаны туралы, тиісті дәлелдемелері бар Акт және студент жұмыстарының көшірмелері деканға беріледі және ол барлық құжаттарды Тәртіптік комиссияға береді;
3. Студенттердің жетістіктерін оқу ағымдағы бағалау кезінде алаяқтық анықталған жағдайда:
 - оқытушы белгіленген нысанда Кодексті бұзу туралы акт жасайды, куратордың қатысуымен студентпен сұхбат жүргізеді. Кодексті бұзғаны туралы, тиісті дәлелдемелері бар Акт және студент жұмыстарының көшірмелері деканға беріледі.
 - жүйе бұзылған жағдайда (үш немесе одан да көп рет) оқытушы белгіленген нысанда Кодексті бұзу туралы акт жасайды. Кодексті бұзғаны туралы, тиісті дәлелдемелері бар Акт және студент жұмыстарының көшірмелері деканға беріледі және ол барлық құжаттарды Тәртіптік комиссияға береді;
4. Бағаланатын жұмыстардың бағаларын бұрмалау анықталған жағдайда, бағаланатын жұмыстардың жауаптарын заңсыз жолмен сатып алу, білім алушылардың оқу жетістіктерін ағымдағы бағалау кезінде ақпараттарды немесе құрылғыларды заңсыз пайдалану:
 - оқытушы Академиялық адалдықтың бұзылуы туралы акт жасайды, куратордың қатысуымен студентпен сұхбат жүргізеді. Кодексті бұзғаны туралы, тиісті дәлелдемелері бар Акт және студент жұмыстарының көшірмелері деканға беріледі және ол барлық құжаттарды Тәртіптік комиссияға береді;
5. Бағаланатын жұмыстарда плагиат, сыбайластық, алаяқтық бағаларын бұрмалау анықталған жағдайда, бағаланатын жұмыстардың жауаптарын заңсыз жолмен сатып алу,

білім алушылардың оқу жетістіктерін қорытынды бағалау кезінде ақпараттарды немесе құрылғыларды заңсыз пайдалануды анықтағанда:

- Оқытушы немесе емтиханға қатысушы өкілетті тұлға ережелерді бұзу туралы белгіленген нысанда акт жасайды. Кодексті бұзғаны туралы, тиісті дәлелдемелері бар Акт және студент жұмыстарының көшірмелері деканға беріледі және ол барлық құжаттарды Тәртіптік комиссияға береді. Құқық бұзушылық жасаған студенттерге тәртіптік шаралар қолданылады (жұмысқа арналған бағаны С-деңгейіне дейін төмендету, жазба жұмыстарын қайта орындау, сөгіс беру, ақылы негізде жазғы триместрге қалдыру, ата-аналарды хабардар ету, сайтта ақпаратты орналастыру, институттан шығару).

6. Бағаланатын жұмысты орындауда студенттерде паракорлық, алдау, жалған мәліметтер анықталған жағдайда, курстық және дипломдық жұмыстарды сату жағдайында институт оқытушысы/қызметкері тәртіптік жазаға тартылады, оның ішінде жұмыстан босатылады.

7. Тәртіптік комиссияның жұмысын ұйымдастыру осы Ережемен реттеледі.

Тәртіптік комиссия

Тәртіптік комиссия (ары қарай – ТК) білім беру үдерісі қатысушыларының құқығын қорғауды жүзеге асыратын және Еуразия гуманитарлық институты білім алушыларының оқу әрекеті нәтижелеріне адамгершілік-этикалық бағаны қамтамасыз ететін тәуелсіз сарапшы орган ретінде құрылады.

Тәртіптік комиссияның міндеттері мен қызметтері

Негізгі міндеттері:

- ЕАГИ білім алушыларының арасында академиялық әділетсіздік жағдайларының алдын алу;
- Академиялық әділетсіздіктің көшіру, плагиат, келісу және т.б. фактілері туындаған кезде тәуелсіз сараптама өткізу;
- жазбаша жұмыстың кез-келген түрін орындаған кезде академиялық адалдықтың этикалық нормалары мен принциптерін сақтауды бағалау;

ТК-нің негізгі қызметтері:

- білім алушылар жазбаша жұмыстарының этикалық бағалануына қатысу және Академиялық адалдық тұрғысынан студенттік жазбаша жұмыстардың этикалық сараптамасын ұйымдастыру;
- Академиялық әділетсіздік пен этикалық нормаларды бұзумен байланысты оқу кезеңінде және аралық аттестаттау кезеңінде туындаған даулы мәселелерді қарастыру;
- білім беру үдерісіне академиялық адалдық принциптерін енгізу және білім алушылар мінез-құлықтарының этикалық нормаларын бұзушылықтың алдын алу;
- тәртіп бұзатын факті бойынша комиссия жұмысының нәтижесі жөнінде жиналыс өткізу;
- қоғамдық басқарудың Жастар ісі жөніндегі комитет, кафедралардың жастар ісі жөніндегі комитеттері секілді басқа органдарымен өзара әрекеттесу болып табылады.

Тәртіптік комиссияның құрамы

- ТК құрамы әкімшіліктің, оқытушылардың, студенттік өзін-өзі басқару мүшесі санымен қалыптасады және ректордың бұйрығымен бекітіледі;
- ТК құрамы төраға, төрағаның орынбасары, жауапты хатшы және мүшелерден тұрады (3 кем емес). Олар келесі мерзімге қайта сайлану мүкіндігімен 3 жылға тағайындалады.

Тәртіптік комиссия жұмысы уақытының тәртібі

- ТК мәжілісі этикалық нормаларды бұзу және академиялық әділетсіздіктің фактілерін анықтау шамасы бойынша өткізіледі.
- ТК білім алушылар жазбаша жұмыстарының сараптамалық бағасын жүзеге асырады және Академиялық әділетсіздіктің (көшіру фактілері, жұмыстың ұқсастығы, бағаның аса көтерілуі) көрінісімен байланысты жағдайларды талдайды.
- ТК білім алушылар жарамайтын тәртібінің талдауын және ұсынылған жазбаша жұмыстардың сараптамасының нәтижелері бойынша келесі қорытынды жасай алады:
- басқа біреудің мәтінін иемденудің (сілтемелердің болмауы, авторлық қарастырмай дәйексөз алу) бірнеше жағдайы болғанда жазбаша жұмыстың бағасын төмендету;
- плагиат, көшіру, қосарланушылық болған жағдайда студенттің жазбаша жұмысының күшін жою;
- бақылау іс-шарасын қайта өткізуді ұсыну;
- ақылы негізде жазғы тримест кезеңінде бақылау іс-шарасын тапсыруды ұсыну;
- сөгіс шығару;
- институттан шығару.

Тәртіптік комиссияның құқығы мен міндеттері

ТК құқылы:

- әртүрлі салалардың мамандары болып табылатын басқа тәуелсіз сарапшылар мен кеңес берушілердің көмегіне жүгінуге;
- оның құзыреттілігіне енетін мәселелер бойынша түсініктеме, ұсыныстар, нұсқаулар беруге және шешім қабылдауға құқылы;
- институт білім алушыларының тәртіп бұзушылық фактілеріне қатысты өзінің қорытындылары мен негіздемелері туралы деканатты, ректоратты жазбаша түрде хабардар етуге;
- ТК қызметін құжаттандыруға, мәжілістерді өткізудің тәртібін анықтауға, мәжілістердің хаттамаларын жүргізуге, алда болатын мәжілістер туралы оның мүшелеріне хабарлауға, сонымен бірге мәжілісті ұйымдастыруға;
- осы Ережеде қарастырылған міндеттерді сапалы және уақытында орындауға;
- жүктелген міндеттер мен қызметтерді орындау бойынша ТК әрекетін ұйымдастыруға міндетті.

Осы ережеге өзгерістер мен толықтырулар Ережені жаңа редакцияда құру немесе Институт ғылыми кеңесі шешімінің және ректор бұйрығының негізінде осы Ережеге қосымша түрінде өзгерістерді (толықтыруларды) рәсімдеу арқылы енгізіледі.

Осы Ереже оның бекітілу күнінен бастап күшіне енеді және толықтырулар, өзгерістер енгізілу күніне дейін әрекет етеді.

2017 жылдың 7 қыркүйегінде институт Ғылыми кеңесінің мәжілісінде қарастырылды және мақұлданды (№ 121 хаттама).

Қосымша

1-қосымша

Академиялық адалдық кодексін бұзу туралы АКТ

Пән:	
Оқу қызметінің түрі:	
Оқытушының ТАӘ:	Студенттің ТАӘ: _____ _____
	Курс _____ топтың № _____
Күні: Дәрісхана: Уақыты: Бұзушылық сипаттамасы:	
Емтиханға қатысатын уәкілетті оқытушының немесе тұлғаның қолы: _____ 201__ ж.	
Білім алушының қолы: _____ 201__ ж.	
Актімен танысты: Институт деканы: _____ 201__ ж. Топ кураторы: _____ 201__ ж.	

Компьютерлік тестілеу әдісімен өткізілетін емтиханда білім алушылардың мінез-құлық ережелері

1. Жеке тұлғаны куәландыратын құжат бар болған жағдайда ғана студенттер компьютерлік тестілеу әдісімен өткізілетін емтиханды тапсыруға жіберіледі.
2. Емтиханда ұялы телефондарды, құлаққаптарды, флешкаларды және тағы да басқа ақпарат беретін құралдарды пайдалануға рұқсат етілмейді. Аталған заттар табылған жағдайда алып қою туралы акт жасалады, студент емтиханнан шығарылады. Бұл емтиханды ақылы негізде жазғы семестрде қайта тапсыруға болады.
3. Шпаргалкаларды пайлануға тыйым салынады. Шпаргалкалар табылған жағдайда алып қою туралы акт жасалады, студент емтиханнан шығарылады. Ақылы негізде жазғы семестрде қайта тапсыруға болады.
4. Жарасымсыз киіммен (шолақ шалбар, теркөйлек, резеңке-шәркей, күртке, бейсболка, құлақшын және т.б.) келген студенттер емтиханға жіберілмейді.
5. Компьютерлік класқа спорттық сөмкелерді, иыққаптарды, пакеттерді, көлемді сөмкелерді, сыртқы киімдерді, кітаптарды, қойын дәптерлерді, дәптерлерді, анықтамалықтарды, сөздіктерді және т.б кіргізуге болмайды.
6. Емтиханда сағыз шайнауға, жеуге, ішуге, сөйлесуге, білдіртпей айтуға, басқа орынға отыруға, қажетсіз аудиторияда жүруге, аудиториядан шығуға тыйым салынады. Осы талаптардың бұзылуы жағдайында акт жасалады, студент емтиханнан шығарылады. Бұл емтиханды ақылы негізде жазғы семестрде қайта тапсыруға болады.
7. Студент этикаға жатпайтын қылық (ерегісу, дөрекілік, ескертпелерді елемеушілік, мінез-құлық ережесінің тәртібіне бағынбау және т.б.) көрсеткен жағдайда тиісті акт жасалады, жазаның әкімшілік шараларын қолдану үшін ректордың атына баяндау хат беріледі.
8. Студент келесі техникалық себептер бойынша келесі күннен кешіктірмей апелляция беруге құқылы:
 - дұрыс жауаптың болмауы;
 - жауаптардың болмауы;
 - екі бірдей дұрыс жауаптың болуы;
 - тапсырманың болмауы;
 - тапсырманың дұрыс берілмеуі.